

## Жұматай ҚҰТЖАНОВ



Ұлы Отан соғысының Жеңісі әлем тарихындағы үлкен жеңіс. Бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Советтер одағының кезінде көп ұлттың бірлігі, ынтымағы берік болды. Өзім тылдада, майданда болдым. Тылда күн-түн демей еңбек етіп,

майданға қажетті киім-кешек, азық-түлік дайындап жіберіп отырдық. 1943 жылы әскерге алындым. Тамбов қаласындағы әскери училищені аяқтап, поляк жерін азат етуге майданға аттандым. Висла бойын, Польша, Одержажалауын азат етуде аянбай күресіп, І-ші Белорус майданының 175 дивизиясының 277-ші атқыштар полкінде командир болдым. Сөйтіп Ұлы Жеңіспен елге аман-есен оралдым. Қазірде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың іскерлік, даналық, көрегендігі арқасында талай белестерге қол жеткіздік. Егеменді ел атаңдық, Әлемді шарпыған дағдарыстан тұяғы бүтін тұлпардай, қанаты бүтін сұңқардай қиналмай өтетінімізге біз ардагерлер тілек білдіреміз. Қай жағынан болсын үнімізбен, сөзімізбен демеу жасай береміз. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда халықтың бірлігі мен татулығы, достығы арта берсіндеп аталық ақ батамды беремін.

Шет шұғыласы. - 2009. - 7 мамыр (№20). - 4 б.